

Әбішева Б.  
**Түркі халықтары  
мәдениетіндегі «Ортеке»  
жанрының генезисі**

Мақалада Ортеке жанрының генезисі, оның қалыптасу тарихы мен қызметінің ерекшелігі қарастырылады. Ортекенің арғы негізі көнеден бастау алады, Орталық Азия халықтарының ертедегі көшпелі және аңшылық өмірімен байланысты. Бұл жанр бірнеше өнер қасиетін бойына жинақтаған: фольклор және музыкалық, би және ойын-сауық, театр және қолданбалы сәндік өнер. Ортеке түркі халықтарының ғана емес, тұтас Орталық Азияның көшпелі халықтары мәдениетінің маңызды дүниетанымдық ұстанымдарымен, нақтырақ айтқанда «дүниетанымдық синкретизммен» тығыз байланысты.

**Түйін сөздер:** Ортеке, түркі халықтары, этнография, өлкетану.

---

Abisheva B.  
**«Orteke» tradition in cultures of  
turkic-speaking nationalities**

The article discusses the genesis of the genre Orteke, the history of its origin and features of functioning. Orteke origins date back to ancient times and are associated with early nomadic and hunting way of life of the Central Asian nations. In this genre are presented elements of several kinds of art: folk and the actual musical instrument, dance, and gaming, theater and arts and crafts. Orteke associated with the most important constants worldview culture, the so-called “ideological syncretism”, not only Turks, but also in the whole of the nomadic peoples of Central Asia.

**Key words:** Orteke, Turkic peoples, ethnography, local history.

---

Абишева Б.  
**Генезис жанра «Ортеке»  
в культуре тюркоязычных  
народов**

В статье рассматривается генезис жанра Ортеке, история его возникновения и особенности функционирования. Истоки Ортеке восходят к глубокой древности и связаны с раннекочевым и охотничьим бытом центральноазиатских народов. В этом жанре представлены элементы нескольких видов искусства: фольклорного и собственно музыкально-инструментального, танцевального и игрового, театрального и декоративно-прикладного. Ортеке связан и с важнейшими мировоззренческими константами культуры, с так называемым «мировоззренческим синкретизмом», не только тюрков, но и в целом кочевых народов Центральной Азии.

**Ключевые слова:** Ортеке, тюркские народы, этнография, краеведение.

## ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ «ОРТЕКЕ» ЖАНРЫНЫҢ ГЕНЕЗИСІ

Қазіргі кезде «ортеке» өнері ғылыми тұрғыдан алып қарағанда аз зерттелген құбылыс екені белгілі. Оны зерттеу – түркі халықтарының қуыршақ өнерінің қайнар көзін айқындаудың жолы және (басқа да өнер түрлерімен қосыла танылғанда) жалпы мәдени мұрасын тануының кілті болып табылады.

Ұлттық этномузикатану ғылымында «ортеке» өнеріне арнайы еңбектер арналмағандықтан, өз зерттеуімізде біз көбіне бұл құбылыстың өз дәстүріміздегі болмысына көңіл бөлуге тырыстық. Зерттеу жұмысы барысында анықталған мәселелердің көбі баяндама шеңберінен кең көлемде болуына байланысты ұсынып отырған еңбегіміз көрсетілген ғылыми тақырыптың ашылуының алғашқы қадамдарының бірі деп қабылданғаны абзал. Қазақтың этномузикатану және этнотеатртану ғылымдарында «ортекенің» ғылыми-теориялық тұрғыдан жанжақты және терең танылмауының негізгі себебі – бұл өнердің сирек орындалуына және деректердің аз болуына байланысты. Дегенмен, «Ортеке» феномені туралы отандық авторлар жазған алғашқы мағлұматтар ХХ ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап республикалық мерзімді баспасөз беттерінде және ғылыми-көпшілікке арналған басылымдарда кездесе бастайды.

1935 жылы белгілі зерттеуші, ғалым А. Жұбанов «Казахстанская правда» газетіне мақала жариялап, онда төмендегідей деректерді келтірген: «...Ойын кезінде қуыршақ секіріп, бірде орғып, әртүрлі бұрылыстар жасайды. Кейбір кезде домбырашылар оған жылқының, еркек пен әйелдің бейнелерін қосатын болған. Олар әуеннің ырғағымен билейді. Шебер орындаушы домбырада күй тартып, жоғарыда атап өткен бейнелерді түрлі қимылдарға келтіріп, бірде секіріп, бірде жүгірткен. Яғни біресе секірген, қимылдарын жасай білген». Белгілі домбырашы Науша домбырамен күй тарта отырып, ағаштан жасалған аталған 4 түрлі бейненің қозғалысын бір жүйеге келтіре отырып, әдемі ойнатқаны да белгілі». Ғалымның айтуы бойынша қазақтың қуыршақ театры өз бастауын осы «ортекеден» алады [1]. Бұл жайлы театртанушы Е. Жуасбеков өз еңбегінде, қазақ фольклорында театр элементтерінің мол үлгісімен ерекшеленетін «дала театрын» келтіреді. «Дала театрының» басты шарты, осы өнерлердің жеке дара өздігінен ғана өмір сүрмей, ең алдымен көптеген көрермендер үшін шексіз көру-

шілермен қатар өмір сүретіндігі» [2, 11]. Зерттеушінің пікірінше, «ортеке» ойыны да көлемі жағынан ықшамдау болғанымен көрермендеріне шек қоймаған. «Ортекені» «театр» деп аталуын ойын-сауық ететін алты-бақанның тұсынан болсын, үлкен той өткізген ауыл болсын, киіз үйдің іші болсын, әйтеуір ортеке өнері үшін орын табылып отыруымен түсіндіреді.

Батыс Қазақстан өңірінде тұратын музыкалық аспаптарды жасаушы шебер Жәнібек Әбілпейісов «ортеке» өнерін меңгерген. Оны бұл өнердің ең көне түріне жатқызады. Ж. Әбілпейісовтің бұл театралды-музыкалық көрінісіне текеден басқа, адамдардың, жылқының және есектің бейнелері қатыстырылады. Өз көрінісін Жәнібек «Қожанасырдың есекті үйретуі» деп атайды. Оның жеткізген мағлұматы бойынша, ортеке өнерінің пайда болғанына 3000 жылдай болған екен [3].

Белгілі күйші, мәдениет қайраткері және зерттеуші Абдулхамит Райымбергеновтің дерегі бойынша, ертеректе қазақтарда «ортеке» өнері қазіргі заманмен салыстырғанда анағұрлым дамыған түрде тараған. Күйшілер бұрын бірнеше 5 немесе 8 текенің бейнелерін ойната білген, ал бұл шебер орындаушылықтың белгісі болып саналған. Сонымен қатар, күйтанушы Маңғыстау дәстүрінің аса көрнекті өкілі Мұрат Әскембаев «Сегіз лақ» күйін ойнай отырып, сол қолының саусақтарына сегіз текенің жіптерін бекітіп ойната білгенін, текенің бейнелері арнайы қондырғыда емес, үй ішіндегі киіздің үстінде билегенін айтады. Өкінішке орай, қазіргі заманда мұндай орындаушы шеберлер қалған жоқ, ал олардан жалғасуға тиісті болған орындаушылық техника да сақталмаған.

Қазіргі кезде зерттеуші А. Раимбергенов «ата ортеке», «әке ортеке», және «бала ортеке» деп үш бейнені алдымен жеке-жеке, кейін бәрін бірге, яғни біреуін оң қол саусағына ілген жіптің көмегімен, ал қалған екеуін аяққа арналған педальдің көмегімен ойнатады. «Ортекенің» біздің заманымызға дейін сақталған аспаптық үлгілерінің әуендік иірімдері мен ырғағы бұл өнердің ұлттық хореографиямен сабақтастығын көрсетеді. Көптеген қазақ халық күйлерінен ұлттық музыкалық мәдениетіміздің тарихында ертеде небір ырғақты әр түрлі билердің болғаны туралы білуге болады. Дәстүрлі билер үлгілеріндегі («Өрмек биі», «Қара жорға», «Тепең көк», «Ұтыс биі», «Қоян биі», «Қоян бүркіт» және «Ортеке») нақты-сезімтал бейнелерде көшпелілердің тұрмысы мен дүниетанымының ерекшеліктері бейнеленген. Ұлттық ғұрыптық билеріміз туралы

аз этнографиялық мағлұмат сақталғандықтан, өнертануымыздың бұл саласы да өз зерттеулерін күтуде. Ұлтымыздың тарихының алғашқы дәуірлерінде мұндай билер арбаушылық, дуалық мақсатта орындалып, белгілі бір символикалық міндет атқарған. Адамдар жануарлар қимылына еліктеп, бұл әрекетін цирк көрінісі секілді қойған, яғни, мұндай билерді демалып, сейілу мақсатында орындаған. Басқаша айтқанда, ортеке өнері, біріншіден, көшпенділер мәдениетіндегі аңды сиқырлауға арналған өнер ретінде туса, екіншіден, орға түскен текеге еліктеп, оның қимылдарын бақылаудан туған күлдіргі сипаттағы әрекет болған. «Ортеке» атауымен зерттеу барысында 4 күй таптық<sup>1</sup>. Бұл күйлер «ортекені» ойнатуда қазіргі орындаушылардың репертуарында жоқ.

Текенің бейнесін жасау технологиясы мәселесіне тоқтасақ, ортеке қуыршағы ағаштан жасалатыны белгілі. Халық шеберлерінің ағашты ою арқылы көптеген халықтың күнделікті тұрмысына керекті заттарды да, қолданбалы өнер туындыларын да жасағаны мәлім. «Ортекенің» бейнесі осындай халықтың хас шеберлерінің қолынан шыққан туынды. Оның қозғалу қимылдары әр түрлі болғандықтан, текені жасау кезінде аяқтары және басқа мүшелері бөлек жасалып, денесімен ішек немесе жіп арқылы жалғанған. Яғни, шебер бұл бейнені қимылдату үшін, оның қозғалу жолдарын өте жақсы білуі керек еді.

Ортекенің билейтін «сахнасына» келетін болсақ, оның тұғыры осы өнер тараған елдердің бәрінде де көркем безендірілген. Тұғырдың шеттері матамен қапталып, оюмен оюланады. Мүсіншінің қиялымен ортекенің «сахна»-тұғыры дауылпаз, тау беткейі, т.с.с. түрлерде жасалынады. А. Марғұланның айтуы бойынша, қазақ еліне исламның келуіне байланысты адамның, аңдардың бейнелерін суреттеуге діни тыйым салынғанына қарамастан, халық шеберлері құстар мен аңдардың ағаштан ойып, кесіп жасаған. Көптеген ғасырлар бойы адам мен аң, құстардың бейнелері күмбезді мавзолейлерде фрескалардың композицияларына, киімдердің тігістеріне қосылған [4]. «Ортеке» өнерінің талай ғасырдан бері жалғасып келуі ұлтымыздың қолданбалы өнер шеберлерінің дәстүр жалғастығына байланысты болуы сөзсіз. Ұсынылғын баяндама шеңберінде «ортеке» сөзінің этимологиясын талдау мәселелеріне терең

<sup>1</sup> Күйлердің музыкалық ерекшеліктерін талдау жұмыстың ары қарай зерттелуін талап етеді.

тоқталуға мүмкіндіктің аз болуына байланысты, ортеке атауының шығуына қысқаша тоқталып өтейік.

Бұл мәселе өткен ғасыр соңында отандық театртанушы Е. Жуасбековтің зерттеуінде қозғалған болатын [2, 13]. «Ортеке» екі сөзден, яғни «ор» және «теке» сөздерінен құралған. «Ор» сөзі қазақ тілінде «шұңқыр» немесе «көдергі», яғни «жау қолынан қазылған шұңқыр» деген мағынаны білдіреді. Бұдан басқа, «көр» деген сөзге де синоним бола алады екен. «Ортеке», сонымен қатар, бидің мазмұнын да белгілейді: «Ор» – ені 2 м және шамамен тереңдігі 1,5 м қазылған шұңқыр. Мұндай шұңқырларды жануарлар мен жабайы ешкілерді аулау үшін қазатын болған. Шұңқырға тап болған аңдар (көбінесе ешкілер – «теке»), қорыққаннан шығатын жер іздеп секіріп, айналып тағы да басқа түрлі қозғалыстар жасай бастайды. Осы сияқты аңдардың пайдасыз қимылдары адамдарға қызық көрінген. Мұнда сонымен бірге өз ақымақтығынан қолайсыз жағдайға тап болған адамдарды келтіреді. Ал «орғу» сөзі – «секіру» деген мағынаны білдіреді, яғни тау текенің қимылына сәйкес. Қазақ халық билерінде де орғу термині кездеседі. Теке сөзіне келсек ежелгі түрік сөздігінде «тека» – теке деген мағынаны білдіреді [5], қазақ тілінде бұл сөз ешкінің еркегіне байланысты айтылады. Түркмендерде Теке руының бар екенін де айта кету керек. «Ортекенің» қазақтан басқа түркітілдес елдер мәдениетіндегі болмысын айтқанда, алдымен бұл өнердің жан-жақты дамыған мысалдарын атап өту керек.

*Қырғыз* халқында мұндай музыкалы-театралдық көрініс бүгінгі күнге дейін «тақ-теке» деген атаумен сақталған. Қуыршақ театры ресми түрде Қырғызстанда алғаш рет 1938 жылы пайда болғанмен, өткен ғасырларда қырғыз балалары да, ересектері де «Тақ-теке» – ойнақтаған ағаш теке көрсетілімін жақсы көрген. Алғашқыда, қазақ халқында да ортақ теке бейнесі, одан кейін құлынның және басқа да жануарлардың, кейбір сәттерде салт аттылардың бейнелері де ағаштан ойып жасалып, бұл бейнелердің аяқтары, кеуделеріне бекітіліп еркін қозғалысқа келтірілген. Қомызшы (үш шекті шертпелі аспапта орындаушы) жеңіл әуен тартқанда, теке ойнақтап, қомыздан шыққан әуеннің ырғағына бағынып, әдемі би билейді. Аталмыш жанр «Ортеке» қырғыздарда «тақтеке» дейді. Алайда, өкінішке қарай, қазір бұл өнер түрі көп насихаттала бермейді.

Қырғыз орындаушысы Нурак Абдрахманұлы толық қуыршақ ойынын көрсетеді. Театралды қуыршақ екі қабат үй тәрізді болып құрылып,

оның екі қабатында екі түрлі ойын көрсетіледі. Үстіңгі деңгейінде бір емес, екі кішкентай лақ билейді, ал астыңғы қабатында екі үлкен теке шығып сүзisedі, бұл ойында күйші текелерді көрсетпей тұрып, алдымен ешкілерді билетіп алады. Содан кейін барып текелерді шығарып сүзистіргенде, ойын одан әрі қыза түседі. Екеуі бір-біріне қарама-қарсы жүгіріп соғысқанда «тақ» деген дыбыс шығады, бұл қимылды орындаушы аяққа арналған педальдың көмегімен жасайды. Біздің ойымызша, қырғыздарда бұл ойынның «тақ-теке» деп аталуы да сондықтан. Содан кейінгі көріністе мерген шығып, текені мылтығымен атып, оны өлтіреді. Бүгінгі күні күйшілер сахнадағы қойылымда «тақ-текедегі» біраз нәрсені қысқартып, оның бүлдіршіндердің қабылдауына лайықты нұсқаларда көрсетуде. Өткен ғасырларда қырғыздар 2-3 тақтекешінің ойынын ай сайын тамашалайтын болса, қазіргі кезде ондай нәрсе сирек кездеседі.

Қазақтың «ортекесінде» домбырада күй тарту, қуыршақты би ырғағында қимылдату және қолөнер шеберлігі бір жерден түйіссе, қырғыз халқында аталмыш өнердің жүзеге асу формалары көп түрлілігімен ерекшеленеді. Ағаштан жасалған қуыршақ бейнелерді бұл елдің өнерпаздары қомызбен де, темір-қомузбен де билетеді. Сонымен қатар, «Тақ-текені» көрсеткенде қомыздың сүйемелдеуінде арнайы ән де айтылады. Ал бұл – «тақ-теке» өнерінің көнелігінің тағы да бір дәлелі. «Тақ-текеде» қолданылатын әннің мәтінінде сөздердің бірнеше рет қайталанатынын көруге болады. Яғни, бұл елде де «ортеке» – басқа «әлеммен», тылсым дүниемен байланысы бар, сакральды өнер түрінің бірі екені мәлім болады.

Қырғыздар «тақ-текені» ән салып, қомызда, темір-қомузда (шаңқобыз) шертіп тартқанымен қоса, бұл өнер қырғыздың жыршылық өнеріне де өріліп дамыған. Осыған байланысты «тақ-текенің» синкреттік өнердің бір элементі ретіндегі қызметін өз еңбегінде қырғыз зерттеушісі М. Қадыров келтірген. Автордың айтуынша, қырғыз бен қазақтың жыраулық өнерінде қуыршақ «теке» бейнесі қолданылған. «Кейбір қырғыз бен қазақ жыраулары жыр айтқанда музыкалық аспаптың сүйемелдеуіне сәйкес ағаштан жасалған мергендер, теке, торпақты қимылдатып отырған. Жыршы аспаптың үнін шығарғанда, аталған бейнелер тіріліп, әр түрлі қозғалысқа келген» [6]. *Қалмақ* мәдениетінде де ортекеге ұқсас құбылыстың тарағаны мәлім. Оған байланысты кейбір маңызды деректерді бізге Құрманғазы атындағы ҚҰК-сының доценті, шертерші Е. Басығара баяндап айтты.

Күйшінің естелігінде оның әкесі – Ақтөбе домбыра дәстүрінің атақты өкілі Бақыт Басықара осыдан 30-40 жыл бұрын балаларына «ортеке» ойынын қалмақ әуеніне салып көрсеткен екен. Ол әуенді қарт күйші жас шағында қалмақ өнерпаздарынан үйренген. XX ғ. 90-шы жылдары «Азия даусы» фестивалінде Е. Басықара сол әуеннің вокалды нұсқасын Қалмақстаннан келген әйел әншінің орындауында естіп, таныс сарынның ән ретінде де насихатталып жатқанына қатты таңданған<sup>2</sup>. Қалмақтарда «ортекеге» ұқсас өнер түрінде ағаштан жасалған теке мүсімімен қатар аттың да ағаш бейнесі болған. Ал оларды билеткенде, үш ішегі темірден дайындалған типологиялық жағынан қазақтың домбырасы тектес домбыр деген музыкалық аспап қолданылған. Сондай-ақ, аталған аспапқа байланысты қалмақтың әйелдері ерлердің билерін домбырмен сүйемелдегені туралы деректер де сақталған.

Қазақтың «ортеке» өнері секілді құбылыстың «Буз-бәзи» деген атаумен *Солтүстік Ауганыстанда* да тарағаны белгілі болып отыр. Бұл елге байланысты өлкетану деректерінде мемлекеттің солтүстігінде түркітілдес этнос – *өзбектер* мекендеп отырғаны жазылған. Олардың ішкі рулық құрамына қарағанда, ішінде қазақтардың Ұлы және Орта жүздерінің ру аттары да кездеседі. Ауғанстандағы өзбектердің ферғаналық диалектіде сөйлегеніне қарағанда, олардың негізгі бөлігі көшпелі өзбектер екенін тұжырымдауға болады. Бұл елдің мәдениетінде ағаштан жасалып, жылтырақ әшекейлермен безендірілген «теке» қолдың іс-әрекеті арқылы қимылдаған. Жергілікті көне наным-сенім бойынша, текенің жыланды өлтіріп, артынан жеп қоятын ерекшелігі болған. Одан кейін жануар сағыз шайнағанда пайда болып ағып түскен көбік – жылан уын қайтаратын дәрі болып есептелген. Теке жануарына байланысты айтылатын «Markhor» сөзі оның жыланды өлтіретін қабілетін белгілеген. «Буз-бәзи» (теке) бейнесі әуен ырғағына тәуелді түрлі қимыл-әрекетке түскен. Ал ол әуен ойналатын аспап *dambura* деп аталған. Қазақтың ортекесімен салыстырғанда, солтүстік ауғандық теке бейнесі жазық тақтайшаның

<sup>2</sup> «Ортеке» өнерін көрсету жолында Е. Басықара әуенінде пунктирлі ырғағы бар халық күйлері: «Қара жорға», «Салкүрең», Қалмақ халық күйі», Тәттімбеттің «Секіртепе» күйлерін тартады.

үстінде тұрып, аспаппен оны түтікше және жіп байланыстырып тұрған.

Иран халқында да осы өнер түрі «киік ойнағышы» деген атпен кездесуі де қазақ пен Иран елінің туыстығының тағы бір дәлелі. Н. Сарыхановтың әңгімесінің желісі бойынша 1963 жылы «Тартыс» атты түсірілген фильмінде түркімен бахшысы Шукур және Иран елінің бахшысы Гулам арасындағы дутарда тартыс туады. Соңында Гулам бахши «Киік» ойнатып, жеңіске жетеді. Теке бейнесі Орталық Азияның дала аймақтарын мекендеген көшпелі түркілердің мәдениетімен қатар, Солтүстік Кавказда тұратын түркілер – *қарашай-малқарларда* да өзіндік орнын тапқан [7]. Бұл халықтардың салт-ғұрып ойындарында теке бейнесі – осы жануардың түрін беретін маска киген адамның әрекетінен көрінеді. Жоғары палеолит дәуірінен бастап Қазақстан территориясында табылған тарихи-археологиялық ескерткіштердегі, кейін ұлттық ою-өрнек өнеріне ауысқан теке образы еліміздің бұл жануарға деген көне наным-сенімдерімен байланысты. Е. Тұрсыновтың айтуы бойынша сәтті аңшылық құру үшін сағай және тувин халықтары орман иесіне ертегі айтып, аспапта ойнаған [8]. Соған байланысты, бұл өнер ертеде аңшылық магиямен байланысты болуы мүмкін. Ата-бабаларымыздың тотемдік және аңшылық магиялық дүниетанымын білдіреді.

Қорытындылай келе мынандай тұжырымдар жасауға болады.

– Теке, марал, киік Еуразия жеріндегі көшпелі халықтарда қасиетті жануар деп танылып, кие тұтқан.

– Қазақ еліне исламның келуіне байланысты адамның, аңдардың бейнелерін суреттеуге діни тыйым салынған-ды.

Негізгі кейіпкер-теке – елдің көне наным-сенімдері: тотемизм және аңшылық магияға тәуелді.

– Сол өнерді тудырушы бейне аталған елдерде архаикалық дәуірлердің бір немесе бір-біріне жақын наным-сенімдерінен туылғанменен, «ортекенің» және оның баламаларының әуендік-орындаушылық ерекшеліктері алуан түрлілігімен ерекшеленеді.

– Ортекенің көне музыкалық нұсқалары қазақ мәдениетінде күй үлгілері (оң және теріс бұрауда) сақталған, өкінішке орай, қазіргі заманда «ортекені» насихаттауда күйшілеріміз кейінгі дәуірлер күйлерін ортеке өнерінде, орындаушылар ортекені ойнатуда халық күйлерінің үлгілерін қолданады.

**Әдебиеттер**

- 1 Жубанов А. Ортеке – начало казахского кукольного театра // Казахстанская правда от 1935.25.02.
- 2 Жуасбеков Е. Қазақ қуыршақ театрының қалыптасуы мен дамуы: диссертация на соискание ученой степени кандидата искусствоведения. – Алматы, 1994.
- 3 Куттыбекулы К. Ортекенің 3000 жылдық тарихы бар // Айқын газеті. 12.04. 2008.
- 4 Маргулан А. Искусство мифологии саков. – Алматы, 1984.
- 5 Древнетюркский словарь. – М., 1969.
- 6 Кадыров М.Х. Историко-типологические корни, связи черты узбекского традиционного театра кукол. – Ташкент, 1992.
- 7 Боташева З.Б. Истоки карачаевского и балкарского театров: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата искусствоведения. – М., 2001.
- 8 Турсынов Е.Д. Происхождение носителей казахского фольклора. Алматы: Дайк Пресс, 2004. – 25, 31 с.
- 9 Абишева Б. Syncretic art of «orteke» in the traditional culture of Kazakhs and Turkic peoples // 4<sup>th</sup> international academic research conference on business, education, nature and technology. USA: Seattle-2013 – P. 42.

**References**

- 1 Zhubanov A. Orteke – nachalo kazahskogo kukolnogo teatra. – Kazahstanskaya pravda ot 1935.25.02.
- 2 Zhuasbekov E. Kazak kuyrshak teatryny kalyptasuy men damuy. Dissertaciya na soiskanie uchenoy stepeni kandidata iskusstvovedeniya – A, 1994.
- 3 Kutybekuly K. Ortekenin 3000 zhyldyk tarihy bar. – Aykyn gazety. 12.04. 2008.
- 4 Margulan A. Iskusstvo mifologii sakov. – A, 1984.
- 5 Drevnetyurkskiy slovar. M., 1969.
- 6 Kadyrov M. H. Istoriko-tipologicheskie korni, svyazi cherty uzbekskogo tradicionnogo teatra kukol. – Tashkent. 1992.
- 7 Botasheva Z.B. Istoki karachaevskogo i balkarskogo teatrov. – Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoy stepeni kandidata iskusstvovedeniya. – M., 2001.
- 8 Tursynov E.D. Proishozhdenie nositeley kazahskogo folklora. A, Dayk Press, 2004 – 25, 31 s.
- 9 Abisheva B. Syncretic art of «orteke» in the traditional culture of Kazakhs and Turkic peoples // 4th international academic research conference on business, education, nature and technology. USA: Seattle-2013 – P. 42.